«Болашақ» мектебі мекемесінің 2022-2023 оқу жылының
13-24 ақпан аралығында өткен математика, информатика, химия, биология, физика пәндері бірлестігінің

**«Әлем нақты ғылымдар тілінде»**

атты апталықтың қорытынды

**ЕСЕБІ**

Математика, информатика, химия, биология, физика пәндері бірлестігі мұғалімдерінің ұйымдастыруымен 2022-2023 оқу жылы жоспарына сәйкес 13-24 ақпан күндері аралығында іс-шаралар жоспарланды.

**Апталықтың мақсаты:** Оқушыларға математика, информатика, химия, биология, физика пәндер туралы мәлімет беру, шәкірттердің шығармашылық қабілеттерін арттыру, балаларды ана тілін сүйіп, құрметтеуге баулу.

**«Әлем нақты ғылымдар тілінде»** атты апталыққа арналған жоспар құрылды. 13 ақпан күні математика, информатика, химия, биология, физика пәндер апталығы басталып, әрбір іс-шаралар уақытында бекітіліп, апта бойында төмендегі жоспарға сай ашық сабақтар мен сыныптан тыс викториналық турлар, дебат пен интеллектуалды ойындар өтіліп, ақпанның 23-і күні жабылды.

Апталықтың жоспары:

| **№** | **Апта күндері** | **Уақыты** | **Атқаратын іс-шаралар атауы** | **Сынып** | **Түрі** | **Жауапты мұғалімдер** |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Дүйсенбі 13.02.2023ж. | 13:00 | АПТАЛЫҚТЫҢ АШЫЛУЫ. | 5-11 сыныптар Акт зал | | Бірлестік жетекшісі: Айтуғанова Айгерім Құралбекқызы. Пән мұғалімдері |
| 2 | Сейсенбі 14.02.2023ж. | 10:15-11:00 | «Головный мозг» | 7 «Г» 206 кабинет | Ашық сабақ | Тажибаева Майра Тажибайқызы. |
| 3 | | 11:05-11:50 | «Изучение совойств элементов 2 (II) группы и их соединений» | 10 «В» 17 кабинет | Ашық сабақ | Тулебаева Майра Кутовна |
| 4 | | 14:00 | «Цифровой Казакстан» | 4 «Б», «Г» Акт зал | Дебат | Есемкулова Макпал Ахметқызы. |
| 5 | Сәрсенбі 15.02.2023ж. | 9:20-10:05 | «Ақпаратты іздеу» | 3 «А» 30 кабинет | Ашық сабақ | Есемкулова Макпал Ахметқызы. |
| 6 | | 10:15-11:00 | «Тригонометрия формулалары» | 9 «Ә» 26 кабинет | Ашық сабақ | Рысбекова Гүлжазира Мұхтарқызы |
| 7 | | 12:15 | «Тек бірінші бол» | 7, 8, 10 сыныптар Акт зал | Челлендж | Қапалбаева Сауле Нурмаханбетова |
| 8 | Бейсенбі 16.02.2023ж. | 8:30-9:15 | «Трапецияның ауданы» | 8 «В» 206 кабинет | Ашық сабақ | Оразбай Нұржан Нұрмаханбетұлы. |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 9 | | 14:00 | «Ұшқыр ойлы» | 9 «А», «Ә» Акт зал | Интелектуалды сайыс | Рысбекова Гүлжазира Мұхтарқызы. |
| 10 | Жұма 17.02.2023ж. | 9:20-10:05 | «Бір айнымалысы бар сызықтық теңсіздіктер жүйесін шешу» | 6 «И» 205 кабинет | Ашық сабақ | Нуржау Серғазы Әсілханұлы. |
| 11 | | 13:55-14:40 | «Python тілі» | 6 «Ә» 3 кабинет | Ашық сабақ | Қапалбаева Сауле Нурмаханбетова. |
| 12 | | 12:15-13:00 | «Изучение закона Архимеда» | 7 «Г» 206 кабинет | Ашық сабақ | Камбарбекова Айзада Абдиллаевна. |
| 13 | Дүйсенбі 20.02.2023ж. | 8:30-9:15 | «Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру» | 7 «А» 27 кабинет | Ашық сабақ | Айтуғанова Айгерім Құралбекқызы. |
| 14 | | 11:05-11:50 | «Туындының анықтамасы» | 10 «А» 20 кабинет | Ашық сабақ | Рысбекова Мүлдир Ускенбаевна. |
| 15 | | 13:00 | «Матрица» | 10 «Б», «В» Акт зал | Сайыс сабақ | Қонысбек Айдарбек Оразбекұлы. |

Аталмыш апталық аясында бекітілген жоспар бойынша бірлестік мамандары оқушыларымыздың шығармашылығын дамытуға бағытталған түрлі іс-шаралардың өтуіне белсене ат салысты.

Дүйсенбі күні апталықтың ашылу салтанаты болды. Салтанатты жиын оқушыларымыздың хор «ФИЗИКА» әнімен ашылды. Шараны оқушылар әр пән болып әдемі таныстырылым өлең жолдарымен бастап, би билеп, күмбірлеген күйімен көмкеріп, хормен ән айтып, қызықты әр пәнмен байланыстырлған логикалық тапсырмалармен жалғастырды.









Ұстаздар қауымының басты міндеті – шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, болашақ ұрпаққа ұлағатты тәрбие беру. Осы мақсатта математика, информатика, химия, биология, физика пәндерінің мұғалімдері ашық сабақтар мен сыныптан тыс іс-шаралар өтті. Рысбекова Г «Ұшқыр ойлы» атты интелектуалдық ойын ұйымдастырды.




Жоспарға сәйкес физика пәні мен математика пән мұғалімдері Саржанова М. және Камбарбекова А. «Квиз по Физике» өтті. Капалбаева Сауле «Тек бірінші бол» челлендж ұйымдастырып, оқушылардың саит аша білетіндігін, қазіргі XXI ғасыр Цифрлы Қазақстанның ұрпағы екеніне дәдел көрсетт, әрі оқушыларға қызықты болды . Тажибаева Майра «Головный мозг» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақта мұғалім өзін құзырлы да, білікті маман ретінде көрсетті. Сабақтың барысы жүйелі әрі әдістемелік жағынан ұтымды өтті. Сабақта түрлі көрнекіліктерді пайдаланды. Оқушылар сабақта өздерінің пәннен білімдерінің жоғары деңгейде екенін көрсетті.





Камбарбекова Айзада 7 «Г» сыныбында ашық сабақ өтті. Сабақтың тақырыбы: «Изучение закона Архимеда» Сабақты жақсы жоспарлаған. Оқушылардың белсенділігі мен ынтасы жақсы.

7 «А» сыныбына Урақбай Арайлым биология пәнінен «Есту мүшесінің құрылымы» тақырыбында ашық сабақ өтті Сабағы өте жақсы құрылымдалған, жаңа әдіс тәсілдерді сабағына тиімді қолдан білді. Сабақ соңында мұғалімге біршама ұсыныстар айтылды.
«Көңілді тапқырлар алаңы» атты сайыс сабақты Нұржау Серғазы және Жақсылық Камшат өте тиянақты жоспарланған сабақтан тыс іс-шарасы. Оқушылардың ынтасы өте жоғары болды. Мақсатына жете білді ұстаздарымыз.





Апталықта Айтуғанова Айгерім 7 «А» сыныбында «Қысқаша көбейту формулаларының көмегімен өрнектерді түрлендіру» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ барысында оқу мақсатына сай көрнекіліктер, әдіс-тәсілдер қолданылып, қызықты ойындар жүргізілді. Алдымен қайталау жасап, қысқаша көбейту формуалаларды атап өтіп, ауызша есептер де орындады. Сабақ өз деңгейінде ерекше өтілді.





Шынықұлова Айнур 10 «А» сыныбында «Органикалық заттар» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақ өз дәрежесінде өтілді. Сабақта мұғалім жаңартылған білім мазмұнының бағдарламасының модульдерін тиімі пайдаланды. Топтық, жұптық  жұмыстар жасалынып, сабаққа жаңаша үлгідегі көрнекіліктерді тиімді пайдаланды. Сабақта мұғалім хикая картасы, сыни тұрғыдан ойлау, оқыту мен оқудағы жаңа  тәсілдер, жас ерекшелігіне байланысты оқыту модульдерін тиімді пайдаланды. Рольдік ойындар ұйымдастырылды.





Жақсылық Кәмшат «Ондық бөлшекті натуралға санға көбейту»тақырыбында ашық сабақ өтті.Сабақта жаңа технологияны тиімді пайдаланды. Сабақта оқушылар ондық бөлшекті натурал санға көбейту толық меңгерді, ұстаз мақсатқа жете білді. Саралау тапсырмаларды орындады, сабақ барысында оқу мақсатына жетуге бағытталған тапсырмалар арқылы жүзеге асты. Сабақ өте жақсы өтті.









Оразбай Нұржан «Қысқаша көбейту формулалары » тақырыбында  7 «Г» сыныбына ашық сабақ өтті. Қысқаша көбейту формулалары бойынша, формулаларды жаттауға байланысты түрлі әдіс-тәсілдермен көмкерілген, бұл сабақ оқушылардың шығармашылық деңгейін арттыруға  ықпал жасады. Сонымен бірге «Барабан» әдісін жақсы ұйымдастыра отырып,сабақта сұрақ-жауап, топтастыру тәсілдерін ұтымды қолданды. Сабақ өте жақсы өтті.




23-ақпан күні **«Әлем нақты ғылымдар тілінде»** атты апталықтың қорытынды жабылу салтанаты өтті. Іс-шараға  5-11 сынып оқушылары қатысты. . Кеш соңында апталыққа қорытынды жасалды. Жоспарға сәйкес барлық мұғалімдер жоспарланған іс-шараларын ойдағыдай ұйымдастырып өткізді. Барлық сынып оқушылары атсалысып қатысты. Өткізілген іс-шараларда орынға ие болған оқушылар марапатталды. Әсерлі кеш Бейсенкүл Тұрсынбайқызының  қорытынды құттықтау сөзімен аяқталды. Апталық өз деңгейінде жоғары дәрежеде өтті.

ӘБ жетекшісі:                              Айтуғанова А.Қ.